

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
25.09.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 25.09.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, күн тәртібінде бір ғана мәселе бар. Ол – «1994 жылғы 15 сәуірдегі Кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайылов мырзаға беріледі.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «1994 жылғы 15 сәуірдегі Кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы енгізіліп отыр.

Аталған келісім ТМД мемлекеттердің кеден қызметтерінің өзара іс-қимыл тәртібін реттейтін негізгі халықаралық шарт болып табылады.

Келісімге қол қойғаннан бері 25 жылдан астам уақыт өтті. Сол себепті аталған келісімнің нормаларын тиісті өзгерістер енгізу жолымен жетілдіру қажет.

Хаттама кеден саласындағы ТМД нормативтік құқықтық базасына жүргізілген инвентаризацияның қорытындысы бойынша ТМД мемлекеттермен бірлесіп әзірленді.

Қаралып отырған хаттамаға қосымша келісім жаңа редакцияда қоса беріледі.

Мәліметтерді беру, сауалдардың нысаны мен мазмұны, сауалды орындау, алынған ақпаратты пайдалану мәселелеріне қатысты бірқатар негізгі баптарға өзгерістер енгізу ұсынылады.

Ақпаратпен алмасу орталық кеден органдары арасында да, сол сияқты тікелей аумақтық кеден органдарының арасында да жүзеге асырылатынын көздейтін ережелер енгізілді.

Заң жобасын қабылдау кедендік бақылаудың тиімділігін көтеруге, кеден заңнамасын бұзу тәуекелдерін барынша азайтуға, ТМД мемлекеттерінің кеден

органдарының қызметін үйлестіру мен тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Құрметті депутаттар, сіздерден осы 1994 жылғы 15 сәуірдегі Кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялауға қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Жабағиев Қожахан Көкірекбайұлына беріледі.

ЖАБАҒИЕВ Қ.К. Рақмет, құрметті Төраға.

Талқыланып отырған заң жобасын мен толықтай қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын. Сонымен қатар баяндамашыдан төмендегі мәселені нақтылағым келеді.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Бұл келісім ширек ғасыр бұрын қабылданған. Енді ынтымақтастық және өзара көмек туралы жаңа баптармен толықтырылу көзделіп отыр. Енгізіліп жатқан өзгерістер туралы өзіңіз де айтып өттіңіз. Дегенмен осы уақытқа дейін сұрау салулар мен алмасуды ұйымдастыру, оның ішінде құқық қорғау қызметін жүзеге асыру, кеден заңнамасының сақталуына тексерулер жүргізу шеңберіндегі мәселелерді шешу практикасы қалай болған? Рақмет.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

Өткен уақытта бұл жұмыс, яғни кеден органдарының өзара іс-қимылы, өз арасында ақпаратпен алмасу жұмыстары 1994 жылғы келісімнің және екі халықаралық келісімнің (2002 жылы қабылданған кеден ережелерін бұзу туралы ақпаратпен алмасудың бірыңғай тәртібі және 2019 жылы қабылданған болжамды құқық бұзу туралы кеден органдарының құқық қорғау бөлімшелерінің арасында ақпаратпен алмасудың бірыңғай тәртібі) негізінде жүргізілген. Қазір қарастырылып отырған хаттамаға қоса беріліп отырған келісімде бұл нормалардың барлығы бір құжатқа біріктірілді және бір жүйеге келтірілді. Осы хаттаманы ратификациялағаннан кейін жаңа аталған екі келісімнің күші жойылады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Звольский Сергей Адамовичке беріледі.

ЗВОЛЬСКИЙ С.А. Большое спасибо, Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован представителю Министерства индустрии и инфраструктурного развития.

В мае 1994 года при подписании основного соглашения правительства стран СНГ одной из важнейших задач определили развитие и ускорение пассажирского и грузового сообщений между нашими странами путем сотрудничества таможенных служб. Эта задача сохраняется и в новой редакции соглашения.

Скажите, пожалуйста, какие конкретные результаты уже достигнуты по развитию сферы пассажирского и грузового сообщений между государствами – участниками СНГ за эти годы? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ержанов Аманияз Қасымұлы.

ЕРЖАНОВ А.Қ. Сұрағыңызға үлкен рақмет.

С 1994 по 2018 годы проведена значительная работа в направлении развития международных грузовых и пассажирских перевозок. Как вам известно, была модернизирована железнодорожная инфраструктура на участках, приграничных с Россией, Узбекистаном и Кыргызстаном. Сегодня работают девять новых международных сообщений. Создан международный транзитный автомобильный коридор «Западная Европа – Западный Китай».

Если перейти к цифрам, то за данный период было построено и реконструировано 11,5 тысячи километров автомобильных дорог республиканского значения и 2,5 тысячи километров железных дорог. Увеличены портовые мощности на Каспии до 27 миллионов тонн в год.

Все эти меры позволили значительно увеличить объем и грузовых, и пассажирских перевозок между странами СНГ. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Құрманова Айзада Амангелдіқызына беріледі.

ҚҰРМАНОВА А.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақстан тәуелсіздік жылдары ішінде көптеген елдермен, соның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына, Еуропалық одаққа, Шанхай ынтымақтастық ұйымына және тағы да басқа ұйымдарға қатысушы мемлекеттермен кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы халықаралық шарттар жасасқан.

Жыл сайын еліміз өз экспортының географиясын кеңейтуде. Бүгінгі күні қазақстандық өнім әлемнің жүзден астам еліне экспортталады. Сөзсіз, осы бағытта кедендік реттеу мүмкіндігі ерекше рөл атқарады. Осыған байланысты сұрағым бар.

Экспорттың көлемін ұлғайту және еліміздің экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында перспективада Қазақстан тағы қандай елдермен осындай келісімдер жасасуды жоспарлап отыр? Рақмет.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінде бұл жұмыс, яғни кеден органдарының өзара іс-қимылдары және ақпаратпен алмасу мәселелері реттелген. Ол бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың 2010 жылғы шешімі бар. Еуропалық одақ мемлекеттерін алатын болсақ, бұл жұмыс екіжақты келісімдер негізінде жүргізіледі. ТМД мемлекеттерімен бұл жұмысты қазір біз қарап отырған келісімшарт реттейді. Ал басқа мемлекеттерді алатын болсақ, ол сыртқы сауда айналымына байланысты болады. Қытаймен, Түркиямен дәл осындай келісімшарт жасасу біздің жоспарымызда бар. Сондай-ақ транскаспий көлік дәлізін жетілдіру үшін және Құрық, Ақтау теңіз порттарының жүк айналымын әрі қарай көбейту үшін Грузиямен де осындай келісімшарт жасасу жоспарланып отыр.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жамалов Аманжан Мәкәрімұлына беріледі.

ЖАМАЛОВ А.М. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Алихан Асханович! В рамках данного законопроекта в Соглашении о сотрудничестве и взаимопомощи в таможенных делах от 15 апреля 2014 года понятие «таможенные службы» заменяется понятием «таможенные органы государств сторон» и предполагается, что обмен запросами и ответами будет осуществляться не только между центральными таможенными органами, но и между территориальными таможенными органами данных государств. Это означает, что территориальные таможенные органы от имени своего государства могут отвечать на запросы других государств – участников соглашения, а также сами направлять такие запросы.

В этой связи у меня следующие вопросы.

1. В связи с чем возникла необходимость наделения территориальных таможенных органов такими полномочиями?

2. Будут ли они согласовывать свои действия, осуществляемые в рамках соглашения, в центральных таможенных органах?

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопрос.

Надо сказать, что в целом к нам приходит порядка 1500 запросов, а мы отправляем в таможенные органы других стран СНГ порядка 1000 запросов.

Основная суть запросов заключается в том, чтобы либо подтвердить факт пересечения таможенной границы, либо подтвердить достоверность тех или иных сведений в таможенных декларациях.

В соответствии со старым соглашением 1994 года весь обмен информацией осуществлялся только через центральные таможенные органы. Это означает, что если территориальный таможенный орган, проводя проверочные мероприятия, нуждается в информации от такого же территориального таможенного органа сопредельного государства, то ему надо сначала отправить запрос в свой центральный таможенный орган, который отправляет в центральный таможенный орган другого государства, оттуда запрос идет по территории того государства, и по цепочке обратно. Все это занимает до шести-восьми месяцев, что, конечно, создает трудности в работе таможенных органов, поскольку это негативно влияет на оперативность и своевременность проведения проверочных мероприятий и процессуальных сроков.

Поэтому настоящим соглашением предусматривается сокращение срока исполнения запроса до одного месяца. Только в том случае, если этой информации нет в таможенных органах и надо обращаться в другие государственные органы, срок может быть увеличен до двух месяцев. Вместе с тем есть возможность сократить срок запроса до двух недель, если есть обоснование, для чего это требуется.

Исходя из сути запрашиваемых материалов, это находится в компетенции запрашиваемых органов, согласование с центральным государственным органом не потребуется.

Данный протокол и соглашение направлены на то, чтобы сократить время исполнения запросов и повысить оперативность взаимодействия. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Келісімнің 2 және 8-баптарының жаңа редакциясында мемлекеттердің кеден органдары кеден ісі саласындағы әртүрлі бағыттар бойынша тәжірибе алмаса алады деп көрсетілген. Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Бірінші сұрақ. Осы тәжірибе алмасу қандай бағыттар бойынша нақты жүретін болады және оның тәртібі мен кезеңділігі қандай?

Екінші сұрақ. Келісімге қатысушылардың кеден органдары қызметкерлерінің кәсіби даярлығы деңгейін арттыру, оларды даярлау бағдарламаларын интеграциялау бойынша қандай жоспарлары бар? Осы бойынша айтып берсеңіз.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

2-бапта кедендік қатынастардың реттелуі, кеден заңнамасының сақталуы, кедендік құқық бұзушылықтарды анықтау және тәжірибе алмасу мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы айтылған. Бұл жұмысты атқару үшін ТМД мемлекеттерінің арасында кеден қызметтерінің біріккен алқасы жұмыс жасайды, бұл мәселе сол біріккен алқаға шығарылады, талқыланады. Біріккен алқа шеңберінде бірнеше жұмыс топтары құрылған. Нақты айтатын болсақ, бұл жұмыс топтары кедендік құнды бақылау, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру, зияткерлік меншік объектілерінде құқықтарды қорғау, тауарларды жіктеу, транзит, кедендік төлемдерді төлеу тәртібі бойынша жұмыс жасайды. Біріккен алқа тоқсан сайын жиналады және келісілген шешімдер жұмыста пайдалану үшін ТМД мемлекеттерінің кеден органдарына жіберіледі.

8-бапта кадрларды даярлау, сарапшылармен, тәжірибемен алмасу туралы айтылған. Мемлекеттік кіріс комитетінің жанында Оқу-әдістемелік орталығы бар, бұл орталық Дүниежүзілік кеден ұйымының өңірлік бөлімшесі болып табылады. Осы орталықтың шеңберінде біздің кеден қызметкерлері тұрақты түрде семинарлардан, тренингтерден өтеді. Және осы семинарлар мен тренингтерге біз халықаралық сарапшыларды да тартамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Клименко Иван Ивановичке беріледі.

КЛИМЕНКО И.И. Рақмет, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Алихан Асханович! Мой вопрос в продолжение вопроса коллеги депутата Жамалова.

Конечно, хорошо, что согласно вносимым изменениям в соглашение обмен информацией будет осуществляться между территориальными таможенными органами, определены порядок и срок передачи информации. Все хорошо. Вместе с тем эксперты считают, что для качественной и

эффективной работы таможенных органов необходим обмен информацией в онлайн-режиме.

У меня вопрос: скажите, пожалуйста, планируется ли дальнейшее создание единой информационной системы для таможенных органов государств – участников данного соглашения? Спасибо.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопрос.

В рамках данного соглашения создание такой единой информационной системы таможенных органов стран СНГ не планируется. Надо отметить, что эти запросы отправляются при необходимости, то есть при проведении конкретных административных, уголовных либо проверочных мероприятий. Вместе с тем у каждого таможенного органа есть собственная национальная информационная система, в рамках которой формируется вся необходимая информация. Например, в странах ЕвразЭС эти информационные системы полностью соответствуют требованиям Таможенного кодекса стран ЕвразЭС. Мы в онлайн-режиме обмениваемся информацией из наших информационных систем в рамках ЕвразЭС.

Что касается системы в рамках СНГ, то вот эти запросы, о которых говорится в данном соглашении, осуществляются на бумажных носителях, и об этом прямо сказано в статье 11 рассматриваемого нами соглашения. Статья 11 гласит, что запрос должен быть оформлен на бумажном носителе, на официальном бланке запрашивающего органа с приложением всех заверенных копий подтверждающих документов. Эти документы могут быть направлены либо по факсу, либо электронной почтой с последующим обязательным направлением оригиналов по почте. Поэтому запрос будет оформляться на бумаге.

Информационные системы у каждого таможенного органа имеются. Понятно, что в будущем мы будем рассматривать возможность онлайн-обмена. Спасибо.

ТӨРАҒА. Хорошо.

Сөз депутат Нұрманбетова Жәмілә Нүсіпжанқызына беріледі.

НҰРМАНБЕТОВА Ж.Н. Ракмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемый Алихан Асханович! Данное соглашение регулирует порядок взаимодействия таможенных служб государств – членов СНГ. Вместе с тем статья 5 рассматриваемого соглашения посвящена борьбе с незаконным оборотом наркотических средств, психотропных веществ и их прекурсоров, но этот вопрос относится к компетенции не только таможенных органов.

В связи с этим скажите, пожалуйста, каким образом Ваше министерство взаимодействует с правоохранительными органами в вопросах борьбы с незаконным оборотом наркотических и психотропных средств?

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопрос.

В целом взаимодействие по правоохранительным вопросам в рамках стран СНГ регламентировалось соглашением от 1994 года. В Казахстане функции по выявлению и пресечению нарушений и преступлений в сфере таможенного дела закреплены за Службой экономических расследований

Комитета финансового мониторинга Министерства финансов (она недавно была передана из Комитета государственных доходов в Комитет финансового мониторинга).

Если речь идет о взаимодействии между странами СНГ, то в рамках данной организации действует Комитет глав правоохранительных подразделений при Совете руководителей таможенных служб. В рамках этого комитета существует специальная рабочая группа, которая отвечает за координацию и взаимодействие правоохранительных подразделений в вопросах противодействия контрабанде.

Есть специально утвержденный порядок, в соответствии с которым осуществляется обмен информацией в онлайн-режиме между правоохранительными подразделениями по отдельному каналу связи, который был разработан Всемирной таможенной организацией.

Что касается взаимодействия внутри страны, то оно осуществляется на основе совместных приказов Комитета финансового мониторинга Министерства финансов, Комитета национальной безопасности, Министерства внутренних дел и Пограничной службы и направлено на проведение совместных оперативно-розыскных и профилактических мероприятий по выявлению и пресечению контрабанды, наркотиков, а также ОПГ. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сапарова Әлия Сүйіндікқызына беріледі.

САПАРОВА Ә.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Аталған заң жобасының 8-бабында тараптар мемлекеттерінің кеден органдары кеден ісі саласындағы, оның ішінде лауазымды тұлғаларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, кеден мәселелері бойынша сарапшылармен алмасу, осы саладағы ғылыми және техникалық мәліметтермен алмасу сияқты іс-шараларды жүзеге асыра отырып, өзара көмек көрсететіні туралы айтылған. Менің сұрағым осыған байланысты.

Осы іс-шараларды іске асыруға қандай қаражат көзделген? Соған тоқталып өтсеңіз. Рақмет.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Қаралып отырған келісім ортақ бюджетті қарастырмайды, бірақ әр мемлекет кеден қызметкерлерін өздері даярлайды және оған тиісті қаржыны өз бюджеттерінен жұмсайды. Біздің кеден қызметкерлерін даярлау мәселесіне алатын болсақ, бізде екі жүйе бар, атап айтсақ, Мемлекеттік қызмет агенттігі жылына 50 миллион теңгені кеден қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау жұмысына бағыттайды, ал Мемлекеттік кіріс комитеті жанындағы Оқу-әдістемелік орталығына жылына берілетін 116 миллион теңгеге кеден қызметкерлері тренингтерден, семинарлардан өтеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Әлихан Асханұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Рау Альберт Павловичке беріледі.

РАУ А.П. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые коллеги и приглашенные! В своем докладе Первый заместитель Премьер-Министра Республики Казахстан – Министр финансов отметил основные моменты и важность данного проекта закона.

Ратификация протокола позволит обмениваться информацией между таможенными органами государств – участников СНГ по собственной инициативе или по запросу с целью обеспечения соблюдения таможенного законодательства.

Расширяется сфера применения соглашения, уполномоченные территориальные органы таможенных служб государств – участников СНГ наделяются полномочиями также обмениваться информацией и осуществлять запросы.

Протокол направлен на расширение и углубление сотрудничества, содействие и взаимопомощь между правительствами и таможенными органами государств – участников СНГ.

Принятие проекта закона не потребует финансовых затрат из республиканского и местных бюджетов.

Согласно представленным документам к законопроекту ратифицируемый протокол получил все необходимые экспертизы, положительно согласован со всеми заинтересованными сторонами.

По проекту закона проведены заседания рабочей группы и расширенное заседание комитета с участием представителей заинтересованных государственных органов.

Всеми комитетами Мажилиса Парламента представлены положительные заключения к проекту закона.

С учетом вышесказанного Комитет по финансам и бюджету считает возможным одобрить данный проект закона.

Уважаемые коллеги, заключение комитета имеется. Прошу поддержать. Рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Альберт Павлович.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Оксикбаев Омархан Нұртайұлына беріледі.

ОКСИКБАЕВ О.Н. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер мен шақырылғандар! Баяндамашы айтып өткендей, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушылардың үкіметтері арасында жасалған 1994 жылғы 15 сәуірдегі Кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімге қаралып отырған хаттамамен өзгерістер енгізіледі. Бұл құжат ТМД-ның барлық 12 мемлекетінің үкіметтері қол қойған кеден саласындағы алғашқы халықаралық шарттардың бірі деп атап өткім келеді.

Қаралып отырған хаттама қолданыстағы келісімнің нормаларын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер заңнамаларының жаңа құқықтық шынайылықтарына, оның ішінде

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі Кеден одағының мүмкіндіктерін ескере отырып сәйкестендіреді.

Келісім жаңа 17-баппен толықтырылды, онда келісімнің ережелері басқа халықаралық шарттарға сәйкес тараптар қабылдаған құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды деп айтылған. Және құқықтық коллизияларды болғызбау мақсатында бұл бап өте маңызды деп есептеймін.

Сонымен қатар осы уақытқа дейін тиісті шешімін таппаған өзекті проблемалық мәселелер де бар.

Бұдан бұрын айтылғандай, Қазақстан басқа елдерден әкелінетін контрафактінің салдарынан үлкен шығынға ұшырауда, әкелінетін тауар туралы қазақстандық және шетелдік деректер арасында алшақтықтар орын алып отыр.

Бүгінгі күні біздің нарығымызда растаушы құжаттары жоқ, шығу тегі түсініксіз, қолдан жасалған тауарлар өте көп екені құпия емес. Бұл тоқыма өнімдері, косметика, тұрмыстық техника, байланыс құрылғылары, жемістер мен көкөністер және тағы басқалары бар. Ал олардың көбі адамдардың денсаулығына зиянды екені анықталып жатыр. Бұл айтқаным тауарлардың кедендік рәсімдеу саласында проблемалық мәселелер бар екенін көрсетеді.

Өкінішке орай, қолданылып жүрген рәсімдер импорттаушыларға сертификаттау рәсімінен өтпеуге мүмкіндік береді, бұл елге жаңа айтқан сапасыз «сұр» тауарлардың келуін арттыруда.

Мұндай жағдай неліктен осы күнге дейін орын алып отыр, шекарадағы біздің кеден қызметтеріміз неге осы салада тиімділікті қамтамасыз ете алмайды деген сұрақ туындайды. Бұл мәселе – бірінші кезекте еліміздің экономикалық қауіпсіздігі мәселесі. Сонымен қатар мемлекеттік бюджетке қомақты қаражат толығымен түспей жүргенін де үнемі айтудамыз.

2015 жылы Елбасы Назарбаевтың Ұлт жоспары шеңберінде Үкіметтің алдына алты қадам бойынша экспорттаушылар мен импорттаушылардың кедендік рәсімдерден өтуі кезінде «бір терезе» қағидатын енгізу, электрондық декларациялау жүйесін дамыту, кеден және салық жүйелерін интеграциялау, сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға жаңа мүмкіндіктер беру, Қазақстанның халықаралық көлік-коммуникациялық ағындарға интеграциясы, Еуразиялық трансконтиненталдық дәліз құру бойынша міндеттер қойылғанын білеміз.

Осы міндеттердің барлығы еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға жұмыс істеуге тиіс еді. Алайда жағдай олай болмай отыр.

«Doing business» рейтингінде «Халықаралық сауда» индикаторы бойынша еліміз осы жылы 190 елдің ішінде тек 102 орында тұрғанын атап өткім келеді.

Көріп отырғанымыздай, әлі де алға ілгерілеуіміз жоқ, «Астана 1» электрондық кедендік декларациялау жүйесі енгізілсе де, бұл жаңа жүйе дұрыс жұмыс істемей отыр, сыртқы экономикалық қызметіне қатысушылардан көптеген шағымдар түсуде.

Бұл жерде ортақ кедендік кеңістік бола тұра және Еуразия экономикалық одағы елдері арасында кедендік бекеттер жойылса да, бүгінгі күні біздің серіктестеріміз жасап отырған қазақстандық тауарлар экспортының өсуіне және олардың нарықтарына қолжетімділікті тежейтін кедергілер орын алып отырғанын атап өту керек. Ал біз болсақ оларға барлық есік-тереземізді ашып қойып, қолды қусырып отырмыз.

Біздің елдеріміздің үкіметтері өз шекараларымызда тауарларды өткізу саласындағы орын алып отырған қайшылықтарды түбегейлі жою үшін шаралар қабылдайды деп үміттенеміз.

Біз кеден қызметтерімізге дамыған елдердің кеден қызметтерінде қолданылып жүрген практикаға сай кедендік рәсімдерді автоматтандыру және цифрландыруға орасан мол қаржы бөлдік. Енді соның нәтижесін көретін мезгіл жетті ғой деп білемін.

Кедендік ынтымақтастық саласындағы интеграция ішкі нарықты қорғауға, сыртқы экономикалық қызметіне қатысушылардың уақыт және материалдық шығындарын қысқартуға, кеден органдарының қызметін оңтайландыруға және тағы да басқаларына мүмкіндік береді.

Осыған байланысты біздің кеден қызметтеріміз осы келісімнің барлық мүмкіндіктерін мемлекетіміздің игілігі үшін пайдалансын деген тілегімді білдіргім келеді.

Заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Омархан Нұртайұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Сонымен, құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті – заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Құжатташалам қамтамасыз ету
бөлімі меңгерушісінің орындауы*

#BEZ

Д. Әбдірахманов